

**Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау  
және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика  
бюросы басшысының 2023 жылғы 10 тамыздағы  
№ 17 бұйрығына 10-қосымша**

Приложение 10 к приказу Руководителя Бюро  
национальной статистики Агентства по стратегическому  
планированию и реформам Республики Казахстан  
от 10 августа 2023 года № 17

**Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика  
министрлігінің Статистика комитеті төрағасының  
2020 жылғы 5 ақпандағы № 18 бұйрығына  
10-қосымша**

Приложение 10 к приказу Председателя Комитета по  
статистике Министерства национальной экономики  
Республики Казахстан от 5 февраля 2020 года № 18

**«Көмір кәсіпорындарының қызметі туралы есеп»**

**(индексі 1-УГОЛЬ, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**  
Инструкция по заполнению статистической формы общегосударственного статистического наблюдения «Отчет о деятельности угольных предприятий»  
(индекс 1-УГОЛЬ, периодичность годовая)

<p>1. Осы нұсқаулық «Көмір кәсіпорындарының қызметі туралы есеп» (индексі 1-УГОЛЬ, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.</p> <p>2. Осы нұсқаулықта мынадай анықтама пайдаланылады: отынның жылу шығару қабілеті (жанудың үлестік жылуы) – салмағы 1 килограмм отынның толық жануы кезінде бөлінетін жылу мөлшерін көрсететін шама.</p> <p>3. 2-4 бөлімдерді көмір және лигнит кәсіпорындары толтырады.</p> <p>2-бөлімнің 1-жолында жыл басындағы көмір мен лигниттың қорлары көрсетіледі</p> <p>2-бөлімнің 2-жолында тазарту (инертті материалдарды жою) және байыту (көмірдегі қоспалардың құрамын азайту) процесіне дейін өндірілген көмірдің мөлшері туралы ақпарат көрсетіледі. Жалпы өндіріс өндіру процесінде өндірушінің тұтынған көлемін (мысалы, жылыту немесе жабдықтар мен қосалқы қондырғылардың жұмысын ұстау үшін), сондай-ақ басқа энергия өндірушілерге түрлендіру үшін жеткізуді қамтиды.</p> <p>2-бөлімнің 2.1-жолында тазарту және байыту процесіне дейін ашық (жер үсті) тәсілмен өндірілген көмірдің мөлшері көрсетіледі.</p>	<p>1. Настоящая инструкция детализирует заполнение статистической формы общегосударственного статистического наблюдения «Отчет о деятельности угольных предприятий» (индекс 1-УГОЛЬ, периодичность годовая) (далее – статистическая форма).</p> <p>2. В настоящей инструкции используется следующее определение: теплотворная способность топлива (удельная теплота сгорания) – величина, показывающая количество выделяемой теплоты при полном сгорании топлива массой 1 килограмм.</p> <p>3. Разделы 2-4 заполняют предприятия-производители угля и лигнита.</p> <p>В строке 1 раздела 2 указываются остатки угля и лигнита на начало года.</p> <p>По строке 2 раздела 2 указывается количество добытого угля (валовое производство) до процесса очистки (удаления инертных материалов) и обогащения (сокращения содержания примесей в угле). Валовое производство включает также объемы, потребленные производителем в процессе производства (например, для отопления или поддержания работы оборудования и вспомогательных установок), а также поставки другим производителям энергии для преобразования.</p> <p>В строке 2.1 раздела 2 указывается количество угля, добытого открытым (надземным) способом до процесса очистки и обогащения.</p>
---	---

<p>2-бөлімнің 2.2-жолында тазарту және байыту процесіне дейін жабық (шахталық) тәсілмен өндірілген көмірдің мөлшері көрсетіледі.</p> <p>2-бөлімнің 3-жолында инертті материалдарды жою және байытудан кейін өндірілген көмірдің мөлшері көрсетіледі.</p> <p>Кокстелетін тас көмірді өндіру жалпы өндіріс ретінде көрсетілуі керек, ал өндірілген тау-кен массасын байытқаннан кейін алынған көмір қойыртпасы таза өндіріс ретінде көрсетілуі керек.</p> <p>2-бөлімнің 1-бағаны 4-жолында байытуға жіберілген кокстелетін көмірдің көлемі көрсетіледі.</p> <p>2-бөлімнің 5-жолында өндірістің технологиялық процестері кезінде көмір немесе лигнит шығындары көрсетіледі.</p> <p>2-бөлімнің 6.1-жолында жылу және электр энергиясын өндіру үшін жеке жылу электр орталықтарында (бұдан әрі – ЖЭО), жылу электр станцияларында (бұдан әрі – ЖЭС), көмірді пайдалану көрсетіледі.</p> <p>2-бөлімнің 6.2-жолында жылу энергиясын өндіру үшін меншікті ЖЭО мен қазандықтарда көмірді пайдалану көрсетіледі.</p> <p>2-бөлімнің 6.3-жолында энергия қондырғыларына қызмет көрсетуді өндірістік-шаруашылық мұқтаждары үшін отынды пайдалану көрсетеді.</p> <p>2-бөлімнің 7-жолында тасымалдау және тарату кезінде көмірдің шығындары көрсетіледі. Көрсетілген жолға көмір, металлургия және кокс-химия өнеркәсібінің байыту фабрикаларында байыту және сұрыптау кезінде жыныспен бірге көмірдің шығынын (энергетикалық отын ретінде пайдаланылатын шлам мен өнеркәсіп өнімін есепке алмағанда), брикеттеу кезіндегі көмірдің шығынын, сондай-ақ оны отынның және отын емес өнімнің басқа түрлеріне қайта өңдеумен байланысты технологиялық шығындар мен отын қалдықтарын енгізілмейді.</p> <p>2-бөлімнің 8-жолында көмірдің басқа елдерден сатып алынған импорт мөлшері көрсетіледі.</p> <p>2-бөлімнің 9-жолында басқа елдерге көмір экспорты көрсетіледі.</p> <p>2-бөлімнің 10-жолында ішкі нарықта жеке өндіріс көмірін тиіп жөнелтудің (сатудың) жалпы көлемі туралы ақпарат көрсетіледі. Осы көлемге ішкі нарықтағы тиіп-жөнелту кіреді.</p> <p>2-бөлімнің 10.1-жолында қызметтің негізгі түрін қолдау үшін өнеркәсіп секторының кәсіпорындарына тиіп-жөнелтілген көмір бойынша деректер көрсетіледі.</p> <p>2-бөлімнің 10.1.1-жолында жылу және электр энергиясының өндірісі үшін бөгде ЖЭС, ЖЭО, қазандықтарға тиіп-жөнелтілген көмірдің мөлшері көрсетіледі.</p> <p>2-бөлімнің 10.1.2-жолында отынның басқа түрлеріне айналдыру үшін домна пештеріне, кокс пештеріне және кәсіпорындарға, жөнелтілген көмірдің көлемі көрсетіледі.</p> <p>2-бөлімнің 10.2-жолында қызмет көрсету секторының кәсіпорындарына тиіп-</p>	<p>В строке 2.2 раздела 2 указывается количество угля, добытого закрытым (шахтным) способом до процесса очистки и обогащения.</p> <p>В строке 3 раздела 2 указывается количество добытого угля (чистое производство) после удаления инертных материалов и обогащения.</p> <p>Добыча угля каменного коксующегося следует указать как валовое производство, угольный концентрат, получаемый после обогащения добытой горной массы, как чистое производство.</p> <p>В строке 4 графы 1 раздела 2 указывается объем коксующегося угля, отправленного на обогащение.</p> <p>В строке 5 раздела 2 указываются потери угля и лигнита при технологических процессах производства.</p> <p>В строке 6.1 раздела 2 указывается собственное использование на собственных теплоэлектростанциях (далее – ТЭС), теплоэлектроцентралях (далее – ТЭЦ) для выработки электрической энергии.</p> <p>В строке 6.2 раздела 2 указывается использование угля на собственных ТЭЦ и котельных для выработки тепловой энергии.</p> <p>В строке 6.3 раздела 2 указывается использование топлива для других производственно-хозяйственных нужд предприятия, включая обслуживание энергоустановок, отопление производственных и хозяйственных помещений.</p> <p>В строке 7 раздела 2 указываются потери угля и лигнита при транспортировке и распределении. В указанную строку не включаются потери угля вместе с породой при обогащении и сортировке на обогатительных фабриках угольной, металлургической и коксохимической промышленности (без учета шлама и промышленного продукта, используемых как энергетическое топливо), потери угля при брикетировании, а также технологические потери и отходы топлива, связанные с его переработкой в другие виды топлива и не топливную продукцию.</p> <p>В строке 8 раздела 2 указывается импорт угля, приобретенного за пределами страны.</p> <p>В строке 9 раздела 2 указывается экспорт угля в другие страны.</p> <p>В строке 10 раздела 2 указывается информация об общем объеме отгрузки (продажи) угля собственного производства на внутреннем рынке.</p> <p>В строке 10.1 раздела 2 указываются данные по углю, отгруженному предприятиям сектора промышленности для поддержания их основного вида деятельности.</p> <p>В строке 10.1.1 раздела 2 указывается количество угля, отгруженного сторонним ТЭЦ, ТЭС, котельным, для производства тепловой и электрической энергии.</p> <p>В строке 10.1.2 раздела 2 указывается объем угля, отгруженного доменным, коксовым печам и предприятиям для преобразования в другие виды топлива.</p>
--	--

<p>жөнелтілген көмірдің көлемі көрсетіледі.</p> <p>2-бөлімнің 10.3-жолында кейіннен сату үшін сауда секторының кәсіпорындарына тиеп-жөнелтілген көмірдің көлемі көрсетіледі.</p> <p>2-бөлімнің 10.4-жолында көлік қызметінің барлық түрлерімен (әуе, теміржол, автомобиль) айналысатын кәсіпорындарға тиеп-жөнелтілген көмірдің көлемі көрсетіледі.</p> <p>2-бөлімнің 10.5-жолында ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына тиеп-жөнелтілген көмір бойынша деректер көрсетіледі.</p> <p>2-бөлімнің 10.6-жолында үй шаруашылығы секторына (халыққа) тиеп-жөнелтілген көмірдің көлемі көрсетіледі.</p> <p>2-бөлімнің 10.7-жолында жоғарыда аталмаған тұтынушыларға тиеп-жеткізілген көмір көлемі көрсетіледі.</p> <p>2-бөлімнің 11-жолында жыл соңындағы көмір мен лигниттың қорлары көрсетіледі</p> <p>4. 3-бөлімнің 1 және 2 бағандарында Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарына сәйкес көмірдің әрбір түрі бойынша және аттестатталған зертхананың талдау нәтижелері бойынша көмірдің төмен және жоғары жылу шығару қабілеті көрсетіледі.</p> <p>5. 4-бөлімнің 1-бағанында көмір және лигнит өндіру кезінде (жеке ЖЭО, ЖЭС, қазандықтардың, домна/кокс пештерінің жұмысын қамтамасыз ету үшін, өндірістік үй-жайларды жылыту және кәсіпорынның басқа да өндірістік-шаруашылық қажеттіліктері үшін) кәсіпорынның жеке қажеттіліктеріне отын мен энергияның барлық түрлерін тұтыну көлемі көрсетіледі.</p> <p>6. 5-бөлімді жеке ЖЭО, ЖЭС, қазандықтар бар көмір кәсіпорындары толтырады.</p> <p>5-бөлімнің 1-жолында жыл басындағы отын қорлары көрсетіледі.</p> <p>5-бөлімнің 2-жолында ЖЭО, ЖЭС және қазандық жұмыстары үшін отынның түсуі туралы ақпарат көрсетіледі.</p> <p>5-бөлімнің 2.1-жолында жеке ЖЭО, ЖЭС, қазандықтардың жұмысы үшін қолжетімді, жеке өндіріс отынының көлемі көрсетіледі.</p> <p>5-бөлімнің 2.2-жолында жеке ЖЭО, ЖЭС, қазандықтардың жұмысы үшін сырттан сатып алынған отын көлемі көрсетіледі.</p> <p>5-бөлімнің 3-жолында отынды өткізу көлемі көрсетіледі.</p> <p>5-бөлімнің 4-жолында ЖЭО, ЖЭС, қазандықтарының жұмысы үшін қолжетімді отын көлемі көрсетіледі.</p> <p>5-бөлімнің 5-жолында жыл соңындағы отын қорлары көрсетіледі.</p> <p>7. 5.1- кіші бөлімін электр энергиясын өндіретін жеке ЖЭО, ЖЭС бар көмір кәсіпорындары толтырады.</p> <p>5.1-кіші бөлімнің 1-жолында негізгі генераторлардың шығыс клеммаларында</p>	<p>В строке 10.2 раздела 2 указывается объем угля, отгруженного предприятиям сектора услуг.</p> <p>В строке 10.3 раздела 2 указывается объем угля, отгруженного предприятиям сектора торговли для их последующей реализации.</p> <p>В строке 10.4 раздела 2 указывается объем угля, отгруженного предприятиям, занимающимся всеми видами транспортной деятельности (воздушный, железнодорожный, автомобильный).</p> <p>В строке 10.5 раздела 2 указываются данные по углю, отгруженному предприятиям сельского хозяйства.</p> <p>В строке 10.6 раздела 2 указывается объем угля, отгруженного сектору домашнего хозяйства (населению).</p> <p>В строке 10.7 раздела 2 указывается объем угля, отгруженного потребителям, не перечисленным выше.</p> <p>В строке 11 раздела 2 указываются остатки угля и лигнита на конец года.</p> <p>4. В графах 1 и 2 раздела 3 указываются данные о низшей и высшей теплотворной способности угля по каждому виду угля и лигнита в соответствии с государственными стандартами Республики Казахстан и по результатам анализов аттестованной лаборатории.</p> <p>5. В графе 1 раздела 4 указывается объем потребления всех видов топлива и энергии на собственные нужды предприятия при добыче угля и лигнита (для обеспечения работы собственных ТЭЦ, ТЭС, котельных, доменных и коксовых печей, для отопления производственных помещений и других производственно-хозяйственных нужд предприятия).</p> <p>6. Раздел 5 заполняют угольные предприятия, имеющие собственные ТЭЦ, ТЭС, котельные.</p> <p>В строке 1 раздела 5 указываются остатки топлива на начало года.</p> <p>В строке 2 раздела 5 указывается информация о поступлении топлива для работы ТЭЦ, ТЭС и котельных.</p> <p>В строке 2.1 раздела 5 указывается объем топлива собственного производства, доступного для работы собственных ТЭЦ, ТЭС и котельных.</p> <p>В строке 2.2 раздела 5 указывается объем топлива, приобретенного со стороны, для работы собственных ТЭЦ, ТЭС и котельных.</p> <p>В строке 3 раздела 5 указывается объем реализации топлива.</p> <p>В строке 4 раздела 5 указывается объем топлива, доступного для работы ТЭЦ, ТЭС, котельных.</p> <p>В строке 5 раздела 5 указываются остатки топлива на конец года.</p> <p>7. Подраздел 5.1 заполняют угольные предприятия, имеющие собственные ТЭЦ и ТЭС, вырабатывающие электроэнергию.</p> <p>По строке 1 подраздела 5.1 указывается объем выработки электроэнергии всеми</p>
--	--

<p>өлшенетін тиісті генерациялайтын қондырғылардың барлық түрлерінің (гидроаккумуляциялаушыларды қоса алғанда) электр энергиясын өндіруі туралы деректер көрсетіледі.</p> <p>5.1-кіші бөлімнің 1.1-жолында электр станциясының жеке өндірістік-шаруашылық қажеттіліктеріне тұтынылған электр энергиясының мөлшері көрсетіледі.</p> <p>5.1-кіші бөлімнің 2-жолында тұтынушыларға әртүрлі мақсаттарға берілген, электр энергиясының мөлшері көрсетіледі.</p> <p>5.1-кіші бөлімнің 2.1-жолында жеке көмір шахталарына босатылған электр энергиясының мөлшері көрсетіледі.</p> <p>5.1-кіші бөлімнің 2.2-жолында жеке өнеркәсіптік цехтарына (кокс пештері, домна пештері) босатылған, электр энергиясының мөлшері көрсетіледі.</p> <p>5.1-кіші бөлімнің 2.2.1-жолында кәсіпорындағы кокс пештеріне босатылған электр энергиясының мөлшері көрсетіледі.</p> <p>5.1-кіші бөлімнің 2.2.2-жолында кәсіпорындағы домна пештеріне босатылған электр энергиясының мөлшері көрсетіледі.</p> <p>5.1-кіші бөлімнің 2.2.3-жолында кәсіпорынның өзге де өнеркәсіптік цехтарына босатылған электр энергиясының мөлшері көрсетіледі.</p> <p>5.1-кіші бөлімнің 2.3-жолында бөгде ұйымдарға сатылған электр энергиясының мөлшері көрсетіледі.</p> <p>5.1-кіші бөлімнің 2.4-жолында ұлттық электр энергиясын беру және (немесе) тарату жүйесіне электр энергиясын жеткізу мөлшері көрсетіледі.</p> <p>5.1-кіші бөлімнің 3-жолында ұлттық электр энергиясын беру және (немесе) тарату жүйесінен электр энергиясын тұтыну көлемі көрсетіледі.</p> <p>5.1-кіші бөлімнің 4-жолында электр станциясының белгіленген қуаты туралы деректер көрсетіледі.</p> <p>8. 5.1-кіші бөлімін жеке ЖЭО және қазандықтары бар көмір кәсіпорындары толтырады.</p> <p>5.2-кіші бөлімнің 1-жолы бойынша жеке ЖЭО және (немесе) қазандықтар өндірген жылу энергиясының көлемі көрсетіледі.</p> <p>5.2-кіші бөлімнің 2-жолында энергия қондырғыларына қызмет көрсетуді, өндірістік және шаруашылық үй-жайларын жылытуды қоса алғанда, өзінің өндірістік-шаруашылық қажеттіліктері үшін тұтынылған жылу энергиясы туралы деректер көрсетіледі.</p> <p>5.2-кіші бөлімнің 2.1-жолында жеке көмір шахталарына босатылған жылу энергиясының мөлшері көрсетіледі.</p> <p>5.2-кіші бөлімнің 2.2-жолында кәсіпорынның өнеркәсіптік цехтарына (кокс, домна пештері және өзге де өнеркәсіптік цехтар) босатылған жылу энергиясының мөлшері көрсетіледі.</p>	<p>видами соответствующих генерирующих установок (включая гидроаккумулирующие), измеряемой на выходных клеммах основных генераторов.</p> <p>В строке 1.1 подраздела 5.1 указывается количество электроэнергии, потребленной на собственные производственно-хозяйственные нужды электростанции.</p> <p>В строке 2 подраздела 5.1 указывается количество электроэнергии, переданной потребителям на различные цели.</p> <p>В строке 2.1 подраздела 5.1 указывается количество электроэнергии, отпущенной собственным угольным шахтам.</p> <p>В строке 2.2 подраздела 5.1 указывается количество электроэнергии, отпущенной собственным промышленным цехам (коксовые печи, доменные печи).</p> <p>В строке 2.2.1 подраздела 5.1 указывается количество электроэнергии, отпущенной коксовым печам на предприятии.</p> <p>В строке 2.2.2 подраздела 5.1 указывается количество электроэнергии, отпущенной доменным печам на предприятии.</p> <p>В строке 2.2.3 подраздела 5.1 указывается количество электроэнергии, отпущенной прочим промышленным цехам предприятия.</p> <p>В строке 2.3 подраздела 5.1 указывается количество проданной электроэнергии сторонним организациям.</p> <p>В строке 2.4 подраздела 5.1 указывается количество поставки электроэнергии в национальную систему передачи и (или) распределения электроэнергии.</p> <p>В строке 3 подраздела 5.1 указывается объем потребления электроэнергии из национальной системы передачи и (или) распределения электроэнергии.</p> <p>В строке 4 подраздела 5.1 указываются данные об установленной мощности электростанции.</p> <p>8. Подраздел 5.2 заполняют угольные предприятия, имеющие собственные ТЭЦ и котельные.</p> <p>По строке 1 подраздела 5.2 указывается объем тепловой энергии, выработанной собственными ТЭЦ и (или) котельными.</p> <p>В строке 2 подраздела 5.2 указываются данные о тепловой энергии, потребленной для собственных производственно-хозяйственных нужд, включая обслуживание энергоустановок, отопление производственных и хозяйственных помещений.</p> <p>В строке 2.1 подраздела 5.2 указывается количество тепловой энергии, отпущенной собственным угольным шахтам.</p> <p>В строке 2.2 подраздела 5.2 указывается количество тепловой энергии, отпущенной промышленным цехам предприятия (коксовые, доменные печи и прочие промышленные цеха).</p> <p>В строке 2.2.1 подраздела 5.2 указывается количество тепловой энергии,</p>
---	---

<p>5.2-кіші бөлімнің 2.2.1-жолында кокс пештеріне босатылған жылу энергиясының мөлшері көрсетіледі.</p> <p>5.2-кіші бөлімнің 2.2.2-жолында домна пештеріне босатылған жылу энергиясының мөлшері көрсетіледі.</p> <p>5.2-кіші бөлімнің 2.2.3-жолында кәсіпорынның басқа өнеркәсіптік цехтарына босатылған жылу энергиясы туралы деректер көрсетіледі.</p> <p>5.2-кіші бөлімнің 2.3-жолында – өз кәсіпорындарының тұрғын үй-жайларын жылытуға берілген жылу энергиясының көлемі көрсетіледі.</p> <p>5.2-кіші бөлімнің 2.4-жолында бөгде ұйымдарға сатылған жылу энергиясының саны көрсетіледі.</p> <p>5.2-кіші бөлімнің 2.5-жолында орталық (қалалық) жылу желіріне жіберілген жылу энергиясының көлемі көрсетіледі.</p> <p>5.2-кіші бөлімнің 3-жолында ЖЭО және (немесе) қазандықтың белгіленген қуаты туралы деректер көрсетіледі.</p> <p>9. 6-8 бөлімдерді кокс пештері бар кәсіпорындар толтырады.</p> <p>6-бөлімнің 1- жолында жылдың басына көмір қойыртпасының қорлары көрсетіледі.</p> <p>6-бөлімнің 2.1-2.3-жолдарында кокс пешінің жұмысы үшін кәсіпорынның жеке көмір шахталарынан келіп түскен көмір қойыртпасының көлемі, көмір қойыртпасының импорты көрсетіледі.</p> <p>6-бөлімнің 3-жолында пайдалану үшін қол жетімді көмір қойыртпасының көлемі көрсетіледі.</p> <p>6-бөлімнің 4-жолында кокс пештерінде пайдаланылған көмір қойыртпасының көлемі көрсетіледі.</p> <p>6-бөлімнің 5-жолында бөгде ұйымдарға сатылған көмір қойыртпасының көлемі көрсетіледі.</p> <p>6-бөлімнің 6-жолында жылдың соңына көмір қойыртпасының қорлары көрсетіледі.</p> <p>10. 7-бөлімнің 1-жолында жылдың басына кокс пештерінде өндірілген өнімдердің қорлары көрсетіледі.</p> <p>7-бөлімнің 2-жолында кокс пештерінде өндірілген өнімдердің көлемі көрсетіледі.</p> <p>7-бөлімнің 3.1 және 3.2-жолдарында кокс пешінің өнімдерін ішкі нарыққа және экспортқа өткізу көлемі көрсетіледі.</p> <p>7-бөлімнің 4-жолында кокс пештерінде, ЖЭО, ЖЭС, қазандықтарда кокс газын тұтыну көлемі көрсетіледі.</p> <p>7-бөлімнің 5-жолында кокс пешіндегі өндірістің техникалық процестері кезіндегі шығындар көрсетіледі.</p> <p>7-бөлімнің 6 және 7-жолдарында жылдың соңына кокс пештерінде өндірілген</p>	<p>отпущенной коксовым печам.</p> <p>В строке 2.2.2 подраздела 5.2 указывается количество теплоэнергии, отпущенной доменным печам.</p> <p>В строке 2.2.3 подраздела 5.2 указываются данные о теплоэнергии, отпущенной другим промышленным цехам предприятия.</p> <p>В строке 2.3 подраздела 5.2 указывается объем переданной тепловой энергии на отопление жилых помещений собственных предприятий.</p> <p>В строке 2.4 подраздела 5.2 указывается количество проданной сторонним организациям теплоэнергии</p> <p>В строке 2.5 подраздела 5.2 указывается объем тепловой энергии, отпущенной в центральные (городские) тепловые сети.</p> <p>В строке 3 подраздела 5.2 указываются данные об установленной мощности ТЭЦ и (или) котельной.</p> <p>9. Разделы 6-8 заполняют предприятия, имеющие коксовую печь.</p> <p>По строке 1 раздела 6 указываются остатки угольного концентрата на начало года.</p> <p>В строках 2.1-2.3 раздела 6 указываются объем угольного концентрата, поступившего из собственных угольных шахт предприятия для работы коксовой печи и импорт угольного концентрата.</p> <p>В строке 3 раздела 6 указывается объем угольного концентрата, доступного для использования.</p> <p>В строке 4 раздела 6 указывается объем угольного концентрата, использованного в коксовых печах.</p> <p>В строке 5 раздела 6 указывается объем угольного концентрата, проданного сторонним организациям.</p> <p>В строке 6 раздела 6 указываются остатки угольного концентрата на конец года.</p> <p>10. В строке 1 раздела 7 указываются остатки продуктов, произведенного в коксовых печах, на начало года.</p> <p>По строке 2 раздела 7 указывается объем продуктов, произведенного в коксовых печах.</p> <p>В строках 3.1 и 3.2 раздела 7 указывается объем реализации продуктов коксовой печи на внутренний рынок и на экспорт.</p> <p>В строке 4 раздела 7 указывается объем потребления газа коксового в коксовых печах, на ТЭЦ, ТЭС, котельных.</p> <p>В строке 5 раздела 7 указываются потери при технологических процессах производства в коксовой печи.</p> <p>В строке 6 раздела 7 указываются остатки продуктов, произведенного в коксовых печах, на конец года.</p> <p>11. По графе 1 раздела 8 указываются объемы потребления в коксовой печи</p>
---	---

<p>өнімдердің қорлары көрсетіледі.</p> <p>11. 8-бөлімнің 1-бағанында кокс пешіндегі тұтыну көлемі отын мен энергияның әрбір түрі бойынша жеке көрсетіледі.</p> <p>8-бөлімнің 2-бағанында кокс пешінде тұтынылатын отын мен энергияның жылу шығару қабілеті көрсетіледі.</p> <p>12. 9-11 бөлімдерді домна пештері бар кәсіпорындар толтырады.</p> <p>9-бөлімнің 1-жолында жыл басына тас көмірден, лигниттен немесе шымтезектен, реторт көмірінен кокс және жартылай кокс қорлары көрсетіледі.</p> <p>9-бөлімнің 1-бағандарының 2.1 және 2.2-жолдарында ел ішінде тас көмірден, лигниттен немесе шымтезектен, ретортты көмірден кокс пен жартылай кокстың түсу көлемі және импорт көрсетіледі.</p> <p>9-бөлімінің 1-бағанының 3-жолында пайдалану үшін қолжетімді көмір қойыртпасының көлемі көрсетіледі.</p> <p>9-бөлімнің 1-бағанының 4-жолында домна пештерінде пайдаланылған тас көмірден, лигниттен немесе шымтезектен, ретортты көмірден алынған кокс және жартылай кокстың көлемі көрсетіледі.</p> <p>9-бөлімнің 1-бағанының 5-жолында тас көмірден, лигниттен немесе шымтезектен, ретортты көмірден алынған, бөгде ұйымдарға сатылған кокс және жартылай кокстың көлемі көрсетіледі.</p> <p>9-бөлімнің 1-бағанының 6-жолында тас көмірден, лигниттен немесе шымтезектен, реторт көмірінен кокс пен жартылай коксты тарату кезіндегі шығындар.</p> <p>9-бөлімнің 1-бағанының 7-жолында жыл соңына тас көмірден, лигниттен немесе шымтезектен, реторт көмірінен кокс және жартылай кокс қорлары көрсетіледі.</p> <p>13. 10-бөлімнің 1-жолында домна пешінде домна газын өндіру көлемі көрсетіледі.</p> <p>10-бөлімнің 2.1-жолында домна пешінде домна газын тұтыну көлемі көрсетіледі.</p> <p>10-бөлімнің 2.2-жолында өзге де мақсаттары мен, басқа мақсаттарға пайдаланылған домна газының көлемі көрсетіледі.</p> <p>14. 11-бөлімнің 1-бағанында отын мен энергияны әрбір түрі бойынша домна пешіндегі тұтыну көлемі жеке көрсетіледі.</p> <p>11-бөлімнің 2-бағанында домна пешінде тұтынылатын отын мен энергияның жылу шығару қабілеті көрсетіледі.</p> <p>15. Есепті кезеңде қызметі болмаған кезінде респондент тиісті жылға бекітілген Респонденттердің жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар бойынша алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигінде көрсетілген осы есепті кезең үшін статистикалық нысандарды ұсынудың ең ерте мерзімдерінің аяқталу күнінен кешіктірмей Қызметінің болмағандығы туралы хабарламаны Қазақстан Республикасы</p>	<p>отдельно по каждому виду топлива и энергии.</p> <p>В графе 2 раздела 8 указывается теплотворная способность топлива и энергии, потребляемой в коксовой печи.</p> <p>12. Разделы 9-11 заполняют предприятия, имеющие доменную печь.</p> <p>В строке 1 раздела 9 указываются остатки кокса и полукокса из угля каменного, лигнита или торфа, угля ретортного на начало года.</p> <p>В строках 2.1-2.2 графы 1 раздела 9 указывается объем поступления кокса и полукокса из угля каменного, лигнита или торфа, угля ретортного, внутри страны и импорт.</p> <p>В строке 3 графы 1 раздела 9 указывается объем угольного концентрата, доступного для использования.</p> <p>В строке 4 графы 1 раздела 9 указывается объем кокса и полукокса из угля каменного, лигнита или торфа, угля ретортного, использованного в доменных печах.</p> <p>В строке 5 графы 1 раздела 9 указывается объем кокса и полукокса из угля каменного, лигнита или торфа, угля ретортного, проданного сторонним организациям.</p> <p>В строке 6 раздела 9 указываются потери при распределении кокса и полукокса из угля каменного, лигнита или торфа, угля ретортного.</p> <p>В строке 7 раздела 9 указываются остатки кокса и полукокса из угля каменного, лигнита или торфа, угля ретортного на конец года.</p> <p>13. По строке 1 раздела 10 указывается объем производства газа доменного в доменной печи.</p> <p>В строке 2.1 раздела 10 указывается объем потребления газа доменного в доменной печи.</p> <p>В строке 2.2 раздела 10 указываются прочие цели и объем газа доменного, использованного в других целях.</p> <p>14. В графе 1 раздела 11 указывается объемы потребления в доменной печи отдельно по каждому виду топлива и энергии.</p> <p>В графе 2 раздела 11 указывается теплотворная способность топлива и энергии, потребляемой в доменной печи.</p> <p>15. При отсутствии деятельности в отчетный период респондент не позднее даты окончания самого раннего из сроков представления статистических форм за данный отчетный период, указанных в утвержденном графике представления респондентами первичных статистических данных по общегосударственным статистическим наблюдениям на соответствующий год представляет Уведомление об отсутствии деятельности в порядке установленном Правилами представления респондентами первичных статистических данных, утвержденных приказом Председателя Агентства Республики Казахстан по статистике от 9 июля 2010 года № 173, зарегистрированным в Реестре</p>
---	---

Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы

9 шілдедегі № 173 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларында белгіленген тәртіппен ұсынады.

16. Осы статистикалық нысанды тапсыру электрондық түрде немесе қағаз жеткізгіште жүзеге асырылады. Статистикалық нысанды электрондық түрде толтыру Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Интернет-ресурсында (<https://cabinet.stat.gov.kz/>) орналастырылған «Респонденттің кабинеті» арқылы он-лайн режимде жүзеге асырылады.

17. Ескерту: х – осы позиция толтыруға жатпайды.

18. Арифметикалық-логикалық бақылау:

1) 2-бөлім:

10-жол = 1-жол + 3-жол + 8-жол – 5-жол – 6-жол – 7-жол – 9-жол – 11-жол

2-жол = 2.1-жол + 2.2-жол;

3-жол = 3.1-жол + 3.2-жол;

6-жол = 6.1-жол + 6.2-жол + 6.3-жол;

10-жол = 10.1-10.7-жолдардың  $\sum$ ;

10.1-жол = 10.1.1-жол + 10.1.2-жол.

2) 5-бөлім:

2-жол = 2.1-жол – 2.2-жол;

4-жол = 1-жол + 2.1-жол – 2.2-жол – 3-жол;

3) 5.1-кіші бөлім:

2-жол = 1-жол – 1.1-жол;

2-жол = 2.1-жол + 2.2-жол + 2.3-жол + 2.4-жол;

2.2-жол = 2.2.1 – 2.2.3-жолдардың  $\sum$ .

4) 5.2-кіші бөлім:

2-жол = 1-жол – 1.1-жол;

2-жол = 2.1-жол + 2.2-жол + 2.3-жол + 2.4-жол + 2.5-жол;

2.2-жол = 2.2.1 – 2.2.3 жолдардың  $\sum$ .

5) 6-бөлім:

1-жол + 2-жол – 6-жол = 3-жол – 4-жол – 5-жол;

2-жол = 2.1-жол + 2.2-жол + 2.3-жол.

6) 7-бөлім:

4-жол = 1-жол + 2-жол – 3-жол – 5-жол – 6-жол ;

3-жол = 3.1-жол + 3.2-жол;

4-жол = 4.1-жол + 4.2-жол.

7) 9-бөлім:

1-жол + 2-жол + 3-жол = 4-жол – 5-жол – 6-жол – 7-жол;

государственной регистрации нормативных правовых актов № 6459.

16. Представление данной статистической формы осуществляется в электронном виде или на бумажном носителе. Заполнение статистической формы в электронном виде осуществляется через «Кабинет респондента» (<https://cabinet.stat.gov.kz/>), размещенном на Интернет-ресурсе Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан, в режиме он-лайн.

17. Примечание: х – данная позиция не подлежит заполнению.

18. Арифметико-логический контроль:

1) Раздел 2:

строка 10 = строка 1 + строка 3 + строка 8 – строка 5 – строка 6 – строка 7 – строка 9 – строка 11;

строка 2 = строка 2.1 + строка 2.2;

строка 3 = строка 3.1 + строка 3.2;

строка 6 = строка 6.1 + строка 6.2 + строка 6.3;

строка 10 =  $\sum$  строк 10.1-10.7;

строка 10.1 = строка 10.1.1 + строка 10.1.2.

2) Раздел 5:

строка 2 = строка 2.1 – строка 2.2;

строка 4 = строка 1 + строка 2.1 + строка 2.2 – строка 3.

3) Подраздел 5.1:

строка 2 = строка 1 – строка 1.1;

строка 2 = строка 2.1 + строка 2.2 + строка 2.3 + строка 2.4;

строка 2.2 =  $\sum$  строк 2.2.1 – 2.2.3.

4) Подраздел 5.2:

строка 2 = строка 1 – строка 1.1;

строка 2 = строка 2.1 + строка 2.2 + строка 2.3 + строка 2.4 + строка 2.5;

строка 2.2 =  $\sum$  строк 2.2.1 – 2.2.3.

5) Раздел 6:

строка 1 + строка 2 – строка 6 = строка 3 – строка 4 – строка 5;

строка 2 = строка 2.1 + строка 2.2 + строка 2.3.

6) Раздел 7:

строка 4 = строка 1 + строка 2 – строка 3 – строка 5 – строка 6;

строка 3 = строка 3.1 + строка 3.2;

строка 4 = строка 4.1 + строка 4.2.

7) Раздел 9:

строка 1 + строка 2 + строка 3 = строка 4 – строка 5 – строка 6 – строка 7;

строка 3 = строка 2.1 + строка 2.2.

8) Раздел 10:

$3\text{-жол} = 2.1\text{-жол} + 2.2\text{-жол}.$ 8) 10-бөлім: $1\text{-жол} = 2\text{-жол};$ $2\text{-жол} = 2.1\text{-}2.2\text{-жолдардың } \sum.$	$\text{строка } 1 = \text{строка } 2;$ $\text{строка } 2 = \sum \text{ строк } 2.1 - 2.2.$
--	---